

К.М. ҚАДЫРБАЕВА

Құрмангазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

**ВОКАЛДЫ-КАМЕРАЛЫҚ ӘН ӨНЕРІНДЕГІ БІЛІКТІ ҰСТАЗ –
Н.А.ШАРИПОВА ТУРАЛЫ БІЛІКТІ СӨЗ....**

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының Халық әртісі, профессор Н.А.Шарипованың педагогикалық қызметінін ерекшеліктері қарастырылады.

Тірек сөздер: вокалдық жанр, камералық ән, роман.

Ключевые слова: вокальный жанр, камерное пение, роман.

Keywords: vocal genre, chamber vocal, romance.


*Түганды дүние есігін ашаады өлең,
Өлеңмен жер қойнауына кірер денең.
Омірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансанышы, бос қақпай елең-салан.*

Абай Құнанбаев

Ән өнерінде әншілік дауысты тәрбиелейтін ұстаз болу жұмысы өте күрделі және үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Тарихқа біраз көз жүгіртсек, көптеген әншілердің барлығы ұстаз бола бермеген, ал әншілік тәжірибесі аз ұстаздар көрісінше әлемде атақты әншілерді тәрбиелеген. Соның бірі, егер ауыз толтыра айтатын болсақ, Надия Абрахманқызы Шарипова еді. Ол ұстаздық жолында болашақ әншілердің шығармашылық қабілеттерін және тәжірибелерін қалыптастырыды, оның жалпы вокалдық педагогикаға қосқан үлесі мол.

2013жылы, 13-қарашада Құрмангазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының «Шопен» атындағы концерттік залында, арнайы Надия Абрахманқызы Шарипованы еске алу кеші өтті. Бұл кешті үйімдастырған менің ұстазым, Н.А.Шарипованың шәкірті – доцент М.Ж.Мекенбаева. Концертке атсалысып қатысқан Ж.Мекенбаева класының халықаралық, республикалық конкурстарының лауреаттары, дипломанттары, магистранттары - Екатерина Медведева, Жанар

Бузыкеева, Қаламқас Қадырбаева, Надия Наденова, халықаралық, республикалық конкурстарының дипломанты концертмейстер – Қожанбаева Б.Қ., тағы да осы кештің арнайы қонақтары: Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, доцент – Е.И.Шин және К.Байсейітова ат РССМШИ 8-сынып окушысы Артықбаев Нұрбол.



Бұл концерт репертуарындағы орындалған әрбір шығарма өзіндік ерекшеліктері арқылы халықтың көnlінен шыға білді.

Профессор Надия Абдрахманқызы Шарипова туралы айтсақ, ол - Қазақстандағы вокал өнерінің дамуына өз үлесін қоса білген ерекше тұлғаның бірі, Қазақстан Республикасының Халық әртісі. Ол педагогикалық жұмысына өз өмірінің 40 жылдан астам уақытын арнаған. Вокалды-педагогикалық қызмет атқарған жылдарында Надия Абдрахманқызы Шарипова көптеген әншілерді тәрбиеледі, олардың арасында республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары, Республикамыздың әнбек сінірген халық әртістері, орта және жоғары музикалық оку орындарының педагогтары бар. Мысалы, атап айтқанда:

В.Шевченко, А.Оспанова, В.Хакимова, А.Қожахметова, В.Каретникова, В.Шаплыко, Н.Баштовая, Л.Дороховская, В.Зиброва, Л.Бойцова, С.Бринюк – сопрано;

Б.Нұрғожаева, Ж.Мекенбаева, С.Шепаева, Г.Кожевникова – меццо-сопрано; Л.Кесоглу, А.Дінишев, В.Ли, Б.Исаев – тенорлар; Н.Моткин, М.Жұнісов, В.Хакимов – баритондар, Ш.Умбеталиевтер көсібі білім алған.



Солардың ішінде ашық тоқталатын болсақ, Н.А.Шарипованың шәкірті **Ж.Мекенбаева**.

Ұстазына ізгілік танытып, еске алу кешінде ұйымдастырып жатқан жайы бар. Ол кісі өзінің ұстазын еске алу бірер жылы сөздерін айтты:

«Н.А.Шарипова менің ұлағатты ұстазым, орысшалап айтқанда: «Пример большой любви к своим ученикам и профессионализма»

Ол кісі өте білімді, ісіне тиянақты, шәкірттерінің алдында таза ұстаз болатын. Еш бір адамнан көмегін аямайтын.

Н.А.Шарипова консерваторияда 1958 - 2004 жылға дейін еңбек етті, 70- шәкірт тәрбиелеп шығарды. Соның ішіндегі 25-і Республикалық, халықаралық конкурстарының лауреаты. Н.А.Шарипова керемет камералық әнші болатын. Жыл сайын консерваторияда екі бөлімнен тұратын концерт беретін. Әр концерттің бағдарламасы ерекше болатын. Бұрын-соңды орындалмаған композиторлардың шығармаларына өте көп көніл бөлөтін» деп сөзін тәмамдады.

Надия Абдрахманова Шарипова туралы жазу – оңай шаруа емес, өйткені ол адам жайлы елеулі

жетістіктерге жеткен педагог және өз шәкірттеріне ерекше ықпалы болған адам ретінде айту керек. Оған тек айқын педагогикалық талант қана емес сонымен қатар нағыз өнер адамының үлкен сенімі мен табандылығы, қайсарлығы сияқты қасиеттер тән. Надия Абдрахманқызының қызметіндегі, іс-әрекетіндегі негізгі мақсаттарды түсінудің кілті оның құнделікті практикалық жұмысында, өйткені ол кісі оған барлық күш жігепті мен ойларын, сезімдерін жұмсаған. Оның жұмысы – оның бүтіндей өзі. Надия Абдрахманқызының педагогикалық шеберлігін, оның мінезіндегі шынайы қасиеттерді де дәл осы жұмысындағы іс-әрекеттерден көруге болады. Жұмыс ол үшін тек шаршап шалдығу мен реніш қана емес сонымен қатар оған шабыт, бақыт және шығармашылық қанағаттану мен ризашылық әкелетін стихия іспеттес еді. Оның жүзінен тасқынды энергия мен эмоциональды жігердің нұры кейде айрықша уайымның белгісі байқалып тұратын еді. Оны жақын танымайтын адамдардың көзқарасы бойынша ол қатал әрі тәқаппар болып көрінуі мүмкін. Ол шын мәнісінде де сондай еді. Бірақ, сонымен қатар онда қарапайымдылық, шынайылық, кішіпейілдік, жатырқамайтын мінез бен сүйкімділік қатар үйлескенін айта кету керек. Надия Абдрахманқызы талап қойғыш әрі қатал ұстаз болатын. «Бүгін істеуге болатын нәрсени өртенге қалдырма», «Неге, 1000 шығарманы талдай алмайсың ба?» – педагогтың максималистігінің дәлелі. Әр сабак жаңа сырлар ашу (өмірдегі соңғы сабак сияқты). Сөйлескен кездегі оның толқынысы, қанагаттанған ұшқынды көздері, дауысындағы тәменгі регистрде шығатын жылды интонация, осының бәрі сабактың жақсы деңгейде өткендігін білдіретін. Шәкірт бақытты болатын. Шығарманың маңызын терең түсіндіру арқылы Надия Абдрахманқызы окушысын жоғары музикалық руханият әлеміне еліктіріп әкететін. Демек, оның камералық шығармаларының интерпретациясы ұмытылмасты. Надия Абдрахмановна тек «жалаң техникамен» ғана айналыспайтын, ол музиканы дыбыстың қалыптасуынан бөлуге болмайды деп есептеген, сондықтан, вокалды-техникалық дағыларды менгерудегі қажырлы еңбекпен қатар шәкірттерінің музикалық-көркемдік дамуына да көп көніл бөлетін. Мұндай дамудың бастамасы деп Надия Абдрахманқызы автордың нұсқауларын бұлжытпай орындау, музикалық және поэтикалық текстерді терең талдау (анализ жасау) керек деп санайтын. Ойлау, іздеу, жасау! – бұл оның өмірлік ұраны еді. Надия Абдрахманқызы вокалдық өнер мен вокалды педагогикаға қатысты барлық нәрселерге үлгі бола білген адам, ұстаздықтың, достықтың, жасампаздықтың жарқын үлгісі болған. Әр қайсымызға осындағы тамаша педагогта оқып, білім алу бақыты бұйырған.

1.2. Вокалдық педагогикада қажырлы енбегімен, зор тәжерибесімен өшпес із қалдырған Надия Абдрахманқызы Шарипова өткен ғасырдың 60-жылдары әншілік мамандығын Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясынан бастап, Москвадағы П.Чайковский атындағы консерваториясында ол кездегі әлемге аты шыққан әнші «Ұлкен театрдың» солисті, Совет одағының халық әртісі, профессор Елена Клементьевна Катульскаяның класында білімін жалғастырды.

Н.Абдрахманқызының оқыту методикасы сан алуан, тіпті әр сабак сайын әр оқушыға жаңа әдіс тауып, тұтырыққа тіреліп қалған кейбір жағдайларда сәтті нәтижемен шығатын. Әлем өркенсісті даму барысында өмірдің қай саласы болса да өсіп – өрбіп, биік мақсатқа жету, табиғи зандаудың. Ал мәдениет пен өнер әрдайым ілгері жүретіні ол да ақиқат. Міне осы тұрғыдан профессор Н.А.Шарипованың әншілік педагогикаға қосқан үлесі өте зор.

Корыта келгенде, әншілік орындаушылық шеберлік, ол оқу-тәрбие барысында қалыптасады. Құнделікті сабак кезінде дауыс тәрбиесі мен орындаушылық өнер бірін бірі толықтырып, әншінің ой – өрісін, білімін кеңейтіп отырады. Надия Абдрахманқызының өнердегі және өмірдегі алған тәжерібелері, ақыл-ой туралы ұсыныстары, өнердегі білім беру әдістемелері бүгінгі таңда ғана емес, болашақ ұрпақтарға да үлкен мұра боп қалатынына көміл сенем.

ӘДЕБИЕТ

1.1. Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы. Қазақтың музикалық дауысы. Профессор Н.А.Шарипованың 80жылдығына. Алматы, 2012жыл. « Слово о педагоге...» А.Оспанова Қ.Р еңбек сіңірген әртісі, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. Р.Тленчиева Астана қ. КазНУИ «Вокальное искусство и хоровое дирижирование» кафедрасының доценті.

1.2. М.Жұніс. Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӘА профессор Алматы қаласы. Қ.Р. Халық әртісі, профессор Н.А.Шарипованың вокалдық – педагогикалық және эстетикалық принциптері.

1.3. Қожахметова А.Ш. «Әншілік дауыс тәрбиесі» Алматы – 2006.

Несколько слов о выдающемся педагоге вокально-камерной музыки Н.А.Шариповой
Резюме

В данной статье рассматриваются особенности педагогической деятельности Заслуженной артистки КР, профессора Н.А.Шариповой.

A few words about prominent teacher of vocally-chamber music N.A.Sharipova
Summary

In this article features are considered the pedagogical activity of the Honored artist of RK, Professor A.N.Sharipova.